Мақсаты оқушылардың қауіпсіздігін қадағалау, қамтамасыз ету.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, көшеде жүру тәртібі т. Б

Сонымен қатар қараша айында мектебімізде «Құқық апталығының» жоспары бекітіліп, жоспар негізінде ашық сабақтар мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Апталықта 5-11 сынып оқушылары белсене ат салысты. 5 «а» сынып оқушыларына «Бала құқығы қалай қорғалады?» атты сынып сағатын өткізді. Жауапты: Тенсел С.

5-7- «А» сынып оқушыларына «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» атты диалог-әңгіме жүргізді. Жауапты: Бодан Аскергул .

9 «А» сынып оқушыларына «Құқық бұзушылықтың алдын алу басты- міндеті» атты дөңгелек үстел өткізілді. Жауапты мұғалім: Хавил Гулжанат

10 «А» және 11 «а» сыныптарына «Құқығын білген қор болмас» атты сауалнама өткізілді. Жауаптылар: Бодан А.,Зайнулинова А.Н.

Сондай-ақ ауылдық учаскелік полиция инспекторы Кайргожин Асылбек Каббасович оқушыларға қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы, айыппұлдар жайлы түсіндірме жұмыстарын өткізді. Соның ішінде көлік басқару , мотоцикль көліктерін басқару туралы түсіндірме жұмыстар жүргізді.

«Бала құқығы» тақырыбында 6-10 сыныптар арасында шығармашылық эссе жазылды. Жауапты: Бодан Аскергул.

Мектеп кітапханашысы Хавил Гулжанат «Тұғыры биік--Тәуелсіздік» атты тақырыпта кітап көрмесін ұйымдастырды.

Еліміздің Тәуелсіздік күніне орай арнайы жоспар құрылып, іс- шаралар өткізілді. 1-8 сыныптар аралығында «Тәуелсіз елім –Қазақстаным ,Ғажапстаным» атты суреткөрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларымыз Тәуелсіздік күніне орай әр -түрлі суреттер салды. Жауапты мұғалімдер:бастауыш мұғалімдері Хошмак Кумисхан, Каден Комунизм, Шынар Таттгул және Аманкелди Вера.

Тарих пәні мұғалімі 8-11 сынып оқушыларына «Егемендік елдігім- Тәуелсіздік тірегім » атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.

Бодан Аскергул 5-11 сыныптар аралығында қашықтан «Болашаққа хат» эссе жазу челленжісін ұйымдастырды. Эссе мына тақырыптарға жазылды: «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістіктерім», «Менің болашағым -Қазақстанның болашағы».

1-11 сынып жетекшілері «Тәуелсіз елім-тірегім» атты бірыңғай сынып сағаттарын өткізді. Бастауыш сыныптары сынып сағатын қашықтан өткізіп, суреттер салып, еліміздің Тәуелсіздігін дәріптеп, өз ақпараттарымен бөлісті.

5-11сынып Тәуелсіздікмерекесіне арналған жұмыс жоспары негізінде «Ел тарихы-жер тарихы» атты бейне фильмдер мен слайдтар көрсетілді, «Ақкөл –Моншақты » атты кітаппен таныстыру болды.Авторы жергілікті өлкетанушы Жармуханов Қайролла.

1-11 сыныптар арасында тәрбие жоспары негізінде «Бала құқығы» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Ауған соғысының 34 жыл толуына орай ауылдың қарулы күштер қатарында әскери міндетте болған ағалардың қатысуымен ауған соғысының құрбандарын еске алу құрметіне орай "Ауған соғысы - жүректегі жара" атты жалпылық -шарасы өткізілді.Оқушылардың патриоттық сезімін ояту мақсатында 9 рота көркем фильмінен үзінді көрсетіліп ,кездесу ұйымдастырылды..Жәнеде 15-ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылған күніне орай өткізілетін іс- шара негізінде "Балалар соғысқа қарсы,!" суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларына Кеңес әскерлерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылғана 34 жыл толуына орай түсіндірме жұмыстарын өткізді.Сыныптан тыс іс -шарасына « Ауған соғысы ардагерлерін танимыз ба?» атты танымдық сабағын 7-8 сыныпқа тарих пәні мұғалімі Которина Айгул өткізді.

"Бір өнер - бір тоқсан" жобасы негізінде Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған концерттік іс-шара , асфальтта сурет салу, қозғалысты ұлттық ойындар өткізілді.. Мақсаты халқымыздың ұлттық ерекшелігі мен рухани мәдениетін дәріптеу.

Алғыс айту күніне орай жоспар құрылып, жоспар бойынша атқарылған жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Мектеп парламентінің атынан, 1- наурыз алғыс айту күніне орай, ұйымдастырылған "Ең үздік алғыс білдіруші" байқауы болды. Оқушылар жүрекжарды алғыстарын бір апта бойы Алғыс жәшігіне салды.Оқушылардың ең үздік деп танылған алғыстары саптузеуде оқылды. Алғыс айту күніне арналған «Қазақстан-татулықтың мекені!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып 2-9 сынып оқушыларына таныстырылды

Мақсатымыз: Оқырмандарға туған жеріне, еліне отанына, деген алғыстарын жеткізе білуді дағдыға айландыру. Оқушылар отанына деген алғыстарын ауызша айтып қана қоймай қағаз бетіне суреттеді. Мектеп кітапхана меңгерушісі: Хавил Г..

Алғыс айту күніне арналған іс-шара жоспары негізінде "Ата - анама рахмет!" атты сурет көрмесі.

Алғыс айту күніне орай оқушыларымыз " Алғыс айту- адамгершілік" атты тақырыпта шығарма жазды.

1 наурыз "Алғыс айту" және Халықаралық әйелдер күні мерекесі күніне орай "Ана" әні арналды.

Ақпан айының 28 күні «Қайырымдылық» атты қайырымдылық жәрмеңке өткіздік. Мақсаты: оқушыларды жақсылық жасауға, бір-біріне қол ұшын беріп көмектесуге баулу. Жәрмеңкеге оқушылар өздері қолдан жасаған әртүрлі тағамдар әкелінді. Өткізген: әлеуметтік педагог – Ауел Б.

5а, 7а сынып оқушылары ардагер ұстаз Бегзат Алма, Зайнулинов Н.К., Хажат Маулетхандарға алғыстарын білдірді, 1 наурыз Алғыс айту күнімен құттықтады.

Оқушылар арасында «Алғысым шексіз» челендж ұйымдастырылды.

Алғыс айту күні жоспары негізінде «Алғыс айту парызым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз күні шағын орталықта «Аяулы анашым» іс-шара болып өтті. 7 наурыз күні «Ана – өмірдің шуағы» атты концерттік бағдарлама болып өтті.

Наурыз мерекесін тойлаудың жаңа тұжырымдамасына сай, наурыз айының 14-23 күндер аралығында Наурызнама онкүндігі өткізілетіндігін, соған орай мұғалімдер қауымына атқарылатын іс-шара туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жоспарымен тыныстырылды. Жоспарға сәйкес өткізілген барлық іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

«Мәдениет және ұлттық салт дәстүр күні», «Ұлттық киім күні» өткізілді. Осы мереке қарсаңында жоспарға сай «Дара келін» байқауы да жүргізілді.

«Қош келдің, Әз Наурыз!» жалпылық іс шарасы меркелік концертпен басталып спорттық ойындармен жалғасын тапты. Ауыл әкімдігі мен педұжымның қолдауымен ауыл тұрғындарына дастарқан жайылып Наурыз көже таратылды.

"Қазақстан халқына" қоғамдық қоры Білім министрлігінің, жергілікті әкімдіктердің қолдауымен жазғы демалыс лагеріне 5-8 сыныптардың 20 мың оқушысын жіберуді жоспарлап отыр. Қарасай ауылдық округінің әкімі Зейб Юрий Викторович мектеп директоры Хадыр Муратбекке 2 жолдама "Жаздық жолдама" сертификатын табыс етті. Осы жолдама бойынша баратын оқушылар қомқоршылық кеңесінің мүшелерімен талқыланып, анықталды.

"Саздыбұлақ ауылының ЖОББМ-нің ұйымдастыруымен "Жас Қыран", "Жас Ұлан" республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына жаңа мүшелерді қабылдау рәсімі өтті.

2022-2023 оқу жылының мамыр айында өткізілетін іс-шаралары «Мамыр – Ынтымақ айы» іс-шарасында жұмыстар жоспарға сай өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

1-11 сыныптарда «Қазақстан халқы – татулық пен бірліктің кепілі»/ Ассамблея народа Казахстана тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай «**Ересімі-мәңгілік**» салтанатты жиын болды. Мектеп жанындағы ҰОС құрбандарына арналған ескерткішке ұстаздар мен оқушылар гүл шоқтары қойып, бір минуттық үнсіздік жариялады. Соғыс құрбандарының ұрпақтарының естеліктерімен іс-шара өз мәресіне жетті. Бастауыш сыныптарында "Менің бақытым - менің Қазақстаным" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Жеңіс күніне орай 5-11 сынып аралығында "ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР" атты сынып сағаттары өтті. Мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен ауыл тұрғындарына және мектеп ұстаздары мен оқушыларына жеңіс күніне орай "Жеңіс лентасы" таратылды. Мектеп оқушылары "Игі істер" акциясы бойынша мектебіміздің ардагер ұстазы Аисин Еркебұлан Шайкенұлына барып, өз көмектерін көрсетті. «Мамыр – Ынтымақ айы» іс-шарасы негізінде 24 мамыр күні «Білімім – Отаныма» атты жалпиреспубликалық тәрбие сағаты 1-11 – да өткізіледі. Сонымен қатар 9,11 сынып түлектері «Мен, Мектеп, Ұстаз.» мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы эссе жазады.

Ар-ұят бағыты:

Отбасы күніне орай бастауыш сынып оқушылары «Отбасым алтын ұям» тақырыбында сурет салса, 5-8 сынып оқушылар отбасы туралы «Отбасым – бақыт мекенім» атты фотоколлаж

дайындады. Ал, 9-11 сынып оқушылары «Отбасым – ошақ қасым.» атты бейнеролик жасап, әлеуметтік желіге жүктеді.

Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша Саздыбұлақ орта мектебінің кітапханасында «Тіл-ұлттың жаны» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылар өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету. Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру.

Жоспар бойынша Саздыбұлақ орта мектеп кітапханасында мұғалімдер мен 5-11 сыныптар арасында «Кітап оқу ақылды адммен сырласқандай» атты кітаптар керуені өткізілді.

Мақсаты: оқырмандарға кітап оқуды жақсы әдетке айналдырып, ой-өрісімізді кеңейтіп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Оқушылар кітап туралы мақал-мәтел, нақыл сөздер, айтылып «А»сынып оқушысы Сейіл Айгерім, Муратбек Зерде оқу, мектеп туралы өлеңін оқыды.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 5-6 сынып оқушылармен танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: ұлттық валютамыз теңгенің даму тарихын алғашқы банкроттардың тарихы жайлы, теңгенің маңыздылығын кеңінен насихаттау.

Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп жобасы негізінде 4-5 сынып оқушылары арасында 20 минуттық кітап оқу сағаттары өткізіліп тұрады.

1-11 сыныптар аралығында «Отбасы – өмір аясы» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Жоспар бойынша «Қош келдің жас оқырман» атты таңғажайып кітапханаға саяхат сабағы өткізілді. Мектеп табалдырығын жаңа аттап жатқан жас оқырмандар ретінде 1-сынып оқушыларына кітапты қалай күтіп ұстауға кітаптың шығу тарихына және кітапхана ережелерімен қысқаша таныстырылды. 2-сынып оқушыларына оқырман формуляры берілді.

7-8сынып оқушыларына арналған

«Жемқорлыққа жол жоқ» атты тақырыпта түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Жемқорлықсыз дамимыз» плакаттар сайысы болды.

Қарттар күніне орай мектеп оқушыларымен сынып жетекшілері ауылымыздың қарт ардагерлерін құттықтап барды.

Мақсаты: оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата – бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Тәрбие жоспарының негізінде «Азайып бара жатыр қариялар!» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Алтайдың асыл перзенті жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 79 жыл толуына орай кітапханада ақынға арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: ақынның өмірі мен шығармалары жайлы мағлұмат беру, туған жерге деген мақтаныш сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, жазушының шығармалары арқылы адамгершілікке, жауапкершілікке, барлық жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, әдеби кітап оқуға тарту.

«Нашақорлыққа жол жоқ» атты оқушыларға танымдық сабағы өткізілді.

Өткізген: Байдаулетова Қ.Ч.

Тәрбие жоспары негізінде « Біз нашақорлыққа қарсымыз» тақырыбында 1-11 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Біздің мектеп нашақорлыққа қарсы!

Буллинг жол жоқ! Атты қима қағаздар таратылып, түсіндірме жұмыстар өткізілді.

"Буллинг және Кибербуллинг" атты сынып сағаттары қашы арқылы өтті.

Халқымыздың ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған зиялылар көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы, ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін кемел тұлға – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай әңгімелері қазақ балалары үшін үлкен мағнаға ие «Қазақ хрестоматиясы» мектеп табалдырығын аттаған бұлдіршіндерге рухани азық. Мысалы: ағартушының балаларға арнайы жазған әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұр десек артық айтпаймыз. Бүгінгі кітапханалық сабаққа 3 «А» сынып оқушылары толықтай қатысып ақынның әңгімелерін оқып өз ойларын бір-біріне айтып берді.

Бүгін екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері журналист, жазушы, қазақ әдебиетіне шытырман оқиғалы детектив жанырын алып келген қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ақынға арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, 4-11 сыныптар арасында жазушының өмірімен шығармалары жайлы оқушыларға таныстырылды.

Біртұтас тәрбие жоспары негізінде 5-11 сынып оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты сынып сағаттары өткізіледі.

Балдырғандар бағбаны, халық жазушысы, балалар әдебиетіне еңбегі сіңген ақын Мұзафар Әлімбаевтың 100 жасқа толуына орай 5-9 сынып оқырмандары арасында «Мұзафар атаның - балаларға сыйы "»

деген тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, оның өмірі мен шығармашылығы туралы әңгіме өткізіп, кітап көрмесіне шолу жасалды.

Жоспар бойынша кітапхан меңгерушісі Хавил Гулжанат 10 сынып оқушыларымен мұғалімдер арасында «Дана тұлға, дара тұлға – Қонаев» атты танымдық сағатын өткізді.

Жерлес батыр бабамыз Сағадат Нұрмағамбетов пен Талғат Бигелдиновтің туғанына 100 жылдығына арналған жалпы халықтық диктант өткізілді. Қос батырдың өнегелі өмірі мен ерлік жолы туралы 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізіліп, және де пікірталастар ұйымдастырылды.

Мектеп оқушыларына салауатты өмір салтына ұстау мақсатында әр түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар буллинг және кибербуллинг бойынша жылдық жоспар бекітіліп, жоспар бойынша іс-шаралар өткізіледі. Мектептің педагог-психологы Сагит О.Д. «буллинг жоқ» атты 7 «а» сыныбында тренинг өткізді. 10 «а» сыныбында буллинг туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Буллинг тақырыбы негізінде Әлеуметтік педагог Аманжол Б. ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, жадынама (парақша) таратты.

Мектебімізде Сұлтанмахмұт Торайғырұлының жыл толуына орай оның тақпақтарын оқу бойынша челлендж өткізілді. Сейіл Айгерим 6 а сынып оқушысы «Шәкірт ойы» өлеңін оқыды. Жетекшісі: Бодан Аскергул

Мектеп кітапханасында 4а, 5-8 сыныптар аралығында Сұлтанмахмұт Торайғырұлының 130-жылдығына орай «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» атты танымдық сағаты өтті. Жауапты кітапханашы меңгерушісі: Хавил Г.

Сонымен қатар Хадыр Муратбек 11 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі «Ұлы жүздің бас биі-Төлебидің туғанына 360 жыл толуына» орай мектеп кітапханасында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: мемлекет мәмігерлері Төле бидің өмірлік қызметі, даналықтары ойлары мен шешендік сөздері туралы білімдерін толықтыру, би және билік деген атауға түсінік бере отырып, қазақ халқының атақты билерінің ұрпақ келешегі үшін аянбай қызмет атқарғанын дәріптеу;

«DobolLike: достық қолын ұсын акциясы айлығы басталып, жоспарға сәйкес іс шаралары өткізіліп отырды. Дос болайық акциясы негізінде мектеп парламентінің мүшелері асханаға көмек колдарын созды.

Бастауыш сыныптар арасында 15-мамыр Отбасы күніне орай "Отбасы - бақыт мекені" атты тақырыпта сынып сағаты өтті. Отбасы күніне орай "Отбасы – шағын Отан" тақырыбында пікірталас өткізілді.

Жетекшісі: Сагит О.Д.

15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай "Кітап және менің отбасым" атты кітап оқу сағатына ата-аналар балаларымен оқушыларға қарындастарымен белсене қатысты Балаларды кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Кітапхана меңгерушісі: Хавил Г..

Талап бағыты:

Қыркүйек айының 8-і күні сағат 12.00-де 1-11 сынып барлық оқушылары білім беру саласындағы мемлекеттік саясат оқу-тәрбие процесінің денсаулық сақтау моделін жетілдіруге бағытталған жалпы республикалық «Сергіту сәті» челленджіне қатысты.

Мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын насихаттау;

1 «а» сыныбында «Жол жүру ережелерін таныстыру» атты сыныптан тыс іс- шарасы өткізілді. Сынып жетекшісі: Шынар Таттгул

6 «а» сынып оқушыларының арасында «Мектептегі қауіпсіздік» атты бейнеролик жасады. Сынып жетекшісі: Теңсел Сандуғаш.

Еңбек күніне орай жоспар құрылып, жоспар негізінде ашық сабақтар мен экскурсия сабақтары өткізілді. «Еңбек бәрін де жеңбек» 5-9 сынып арасында шығарма сайысы өткізілді. Жауапты: Бодан Аскергул

Нан шығаратын кәсіпорынға онлайн экскурсия сабағы өтті. 5-9 сынып аралығында еңбек күніне байланысты еңбек күніне байланысты сыныптан тыс сабақ өткізді. Тақырыбы: Нан қалай етсе табылады? Жауапты: Бақытжан А. Вера А.

«Менің жетістігім – менің нәтижем» атты сыныптан тыс сабақ өткізілді. Еңбек пәнінің мұғалімі: Хошмак Кумисхан

Мектебімізде қыркүйек айының 27-сі күні төтенше жағдайда эвакуациялау оқу жаттығуы өткізілді. Барлық оқушылар мен қызметкерлерге төтенше жағдайдағы жасалатын әрекеттер түсіндіріліп оны практикалық тұрғыдан орындау жүзеге асырылды. Оны АӘДТ мұғалімі Ауел Б. өткізді.

Мектебімізде «Таза бірге Қазақстан» акциясы ұйымдастырылды. 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Білім беру ұйымында ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру» тақырыбында 2 педагогикалық кеңес өткізілді. Отырыста сынып жетекшілерге «Біртұтас -тәрбие» бағдарламасы (ата -аналарды педагогикалық қолдау орталығы, «Даналық мектебі») бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектеп қызметкерлері арасында «Әкелер мектебі» бойынша тренинг өткізілді. Жауаптылар: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Даналық мектебі " жобасының іске асырылуына байланысты мектебімізде "Даналық мектебі" клубы құрылып, соның негізінде жоспарға сәйкес "Қыз қылығымен көркем" атты деген тақырыпта жеңгелер білім алушы қыздармен сырласу кешін өткізді.

Әр айда біртұтас бағдарламасы бойынша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сай 10 «Б» сынып ата-аналарына (Личность как результат саморазвития на основе нравственных ценностей» тақырыбында сабақ өткізді. Ата-аналарға бейнероликтер көрсетіп, сауалнамалар толтырылды.

Жоспар бойынша қараша айында Біртұтас -тәрбие бағдарламасы бойынша "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" сабағын б"а" сыныбының ата-аналарына өткізді. Сынып жетекшісі : Теңсел Сандуғаш

Біртұтас- тәрбие бағдарламасы аясында Ата -аналарды педагогикалық қолдау бойынша " Отбасы - бақыт бесігі" тақырыбында 1"А" сыныптың ата -аналарына сабақ өткізілді. Мақсаты: отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру; ата - ананың балаға назар аударуы, қолдауы. Сынып жетекшісі: Шынар Таттгул

Біртұтас- тәрбие бағдарламасының ата -аналарды педагогикалық қолдау аясында "Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?" атты тренинг 4"А" сыныбының ата -аналарына өткізілді. Мақсаты: баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым - қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениеті негізінде дамыту. Сынып жетекшісі: Хошмак Кумисхан .

Біртұтас- тәрбие бағдарламасының ата -аналарды педагогикалық қолдау аясында "Әрбір бала жарық жұлдыз" 2-3"а" сыныбының ата -аналарына сабақ өткізілді. Жауапты: Каден Комунизм

«Біртұтас -тәрбие» бағдарламасы (ата -аналарды педагогикалық қолдау орталығы, «Даналық мектебі») бойынша Әжелер клубы құрылып Ақжаулық әжелер клубы Ұлыстың ұлы күні Наурыз меркесінде салт дәстүрлерден көріністер көрсетті. «Әжем үйреткен...» атты сабағын тәрбие ісінің орынбасары өткізді.

Ата -аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бойынша

«Бұлақ көрсең көзін аш» атты тақырыпта 7-8 сынып ата -аналарымен сабақ өткізілді.
Жетекшісі:Байхумар Роза.

Біртұтас- тәрбие бағдарламасы аясында Ата -аналарды педагогикалық қолдау жоспары бойынша " Жасөспірімдердің қарым - қатынас ерекшеліктері" атты тақырыпта 6"А" сыныбының ата -аналарына сабақ өткізілді.Сынып жетекшісі: Теңсел Сандуғаш.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша 7"а" сыныбының ата -аналарына "Әр нәрсенің өлішімі бар" атты сабағы өткізілді. Жетекшісі: Байхумар Роза

Біртұтас бағдарламасы бойынша ата -аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бойынша бастауыш сыныптың ата -аналарына " Сенім арту - жетістік кепілі.Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?" атты тақырыпта ата -аналар жиналысы өтті. Сынып жетекшісілері мен педпсихолог Сагит О.Д..

Мектеп парламент құрамын жасақтау бойынша Аға тәлімгер Байхумар Роза өзін-өзі басқару ұйымына кезекті отырыс өткізді.Барлық үміткерлер өздерінің бағдарламаларын ұсынып , оны мектептің Бірлік газетінің кезекті санында жариялады.Өзін өзі басқару ұйымының басшысын мектеп оқушылары дауыс беру арқылы сайлады.

Күзгі демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы негізінде каникул кезіндегі оқу-тәрбие жұмыс жоспары құрылды. Бастауыш сынып оқушылары «Отбасылық кітап оқу» бейнеролик, 5-7 сыныптар арасында «Денсаулықты сақтаудың шарттары» атты сурет, фотоколлаж т.б шығармашылық тапсырмалар, 8-11 сыныптар арасында Қожа Ахмет Яссауидың 930 жыл толуына орай «Қожа Ахмет Яссауи мұраларын оқу» атты эссе жазу жұмыстары өткізілді. Барлық атқарылған жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланды.

Қараша айының 8-20 күндер аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны өтті. 7-11 сыныптар арасында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты сынып сағаттары өткізілді. 1-9 сынып оқушылары арасында Зорлық зомбылықсыз балалық шақ атты сурет байқауы өткізілді.. Сонымен қатар директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары Байдаулетова Қ.Ч.педпсихолог Сагит О.Д. 5-8 сыныптар арасында «Мектептегі зорлық-зомбылық» атты түсіндіру жұмыстарын өткізді. 1-4 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты сынып сағаты өткізілді.

Мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, дарынды оқушыларды қолдау мақсатында үйірме секциялар ұйымдастырылған. Олар тұрақты бекітілген кесте бойынша өз жұмыстарын жалғастыруда . Барлық оқушылар дерлік үйірме секцияларға тартылған.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның негізінде 2 тоқсан «Алтын сақа» олимпиадасы негізінде жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді.

"Төрт тоқсан -төрт өнер" жобасы аясында ұстаздар арасында " Бес асық" ойыны өткізілді.

«Төрт тоқсан - төрт өнер" жобасы аясында оқушылар арасында "Асық ату" ойыны өтті. Мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары белсене ат салысты. Жеңіске жеткен оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

1-4 сыныптар арасында «Ханталапай» ұлттық ойыны ұйымдастырылды.

СПИД пен күрес күніне орай сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді. 6 а сыныбы «АҚТҚ және ЖҚТБ -ғасыр індеті» атты тақырыпта өткізді. Жауапты: Тенсел Сандуғаш

Жол жүру ережесі мен өрт қауіпсіздігі бойынша 5-6 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Өткізген: Ауел Бақыткерей, Буланбай Табиғат.

"Көктемгі кезіндегі су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері" және демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы тақырыпта 1-11 сыныптарда біріңғай сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар электр тогының қаупі мен пайдасы тақырыбында ақпараттық сағаттар өткізілді.

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мектеп парламентінің ТЖ министрі 9"А" сынып оқушысы Кагиров Алихан "Судағы қауіпсіздік" атты тақырыпта бастауыш сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Су тасқынының қауіпсіздігіне орай " Су тасқынынан қалай қорғанамыз? " атты тақырыпта сынып жетекшілері оқушыларға түсіндіру жұмыстарын өткізді. Абайла, су тасқыны!" атты 7-8 сыныптарда диктант жазды.

Жетекшісі: Бодан Аскергул. "Су тасқынының алдын алу" бойынша оқушылар арасында дебат өткізілді. Дебат жетекшісі: Сагит О.Д.

12- сәуір Ғарышкерлер күні және Қаныш Сәтбаевтың 125 мерей тойына орай безендіру жұмыстарымен кітап көрмелері қойылып, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Тақырыбы: «Қазақстан ғарышқа жол», «Сәтбаев ұлы ғалым» игеруде

Жауаптылар: Кітапхана меңгерушісі: Хавил Г..

Директордың тәрбие ісінің орынбасарлары: Байдаулетова Қ.Ч.

"Ғарыш әлеміне саяхат" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Аймақтық білім басқармасының, білім бөлімдерінің және білім беру мекемелерінің БАҚ шығу бойынша медиажоспары ұсынылды. Осы жоспардың әр бөліміндегі жұмыстар атқарылып әлеуметтік желіге жарияланды.

«Таза Қазақстан» акциясын қолдау мақсатында мектеп ұстаздарымен қызметкерлері сенбілік жасады.

«Мамыр – Ынтымақ айы» іс -шарасына 3 мамыр – Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» челенджін 9,11 түлектері мектептің ауласына ағаш отырғызады.

«Мамыр – Ынтымақ айы» жоспары негізінде "Каникулда кітап оқимыз" шарасы аясында "Буккроссингтен -бірге оқимыз:

басты мақсаты: үйде оқылмай тұрған немесе оқылған кітаптарға "Екінші өмір сыйлау" оқырмандар арасында "Кітап алмастыру", әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру, кітапханаға оқырмандарды тарту, кітап оқуды насихаттау, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, рухани мәдениетін көтеру мақсатында "Оқы және өзгеге ұсын!" буккроссинг шарасы ұйымдастырылды.

Оқуға құштар мектеп жобасы" кітапхана меңгерушісі: Хавил Г..

«Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен жалпы республикалық «Еркін тыныс ал» атты флешмоб өткізілді. Флешмобқа 5-11 сынып оқушылары белсене ат салысты. Сонымен қатар плакаттар мен «Біз темекі шегуге қарсымыз», «Еркін тыныс ал», атты ұрандармен шықты.

10 а сыныбына «Терроризм мен экстремизмге жол жоқ» атты тақырыпта әңгіме сағат өткізілді. Жауапты мұғалім: Зпайнулинова А.Н.

Жоспарға сәйкес 9-11 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмысы бойынша ЖОО мен колледж мамандарымен кездесу ұйымдастырылып, мамандықтар туралы презентациялар мен бейнероликтер көрсету арқылы оқушылармен түсіндіру жұмыстары атқарылуда.

Ақкөл ауданының «Техникалық колледж» мамандары Степногор қаласы колледж мамандары қашықтықтан мамандық таңдау бойынша 9 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша ақпараттық сабақ өткізді.

Мектеп парламентінің төтенше жағдайы министрлерінің «Объективте -қауіпсіздік» акциясы өткізілді. ТЖ министрі Кагиров Алихан

Қыз балалармен жұмыс

Мақсаты: Сыныптағы әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл жұмыс қыз балаларға қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығын сезіндіру үшін және қыз баласына тән белгілі бір ұнату сезімін бастан кешіру кезінде түсініспеушілік болса, оған қыздардың мұңайып, өздеріне жамандық жасамауы үшін алдын алуға міндеттейді.

Қызға берілетін ұлттық тәрбие көздерін пайдаланамыз.

Ұл балалармен жұмыс

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз

Қазақстанның бүгiнi мен болашағына деген жауапкершiлiктi қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексiз бос отыра алмайтындай сезiмге тәрбиелеу.

Отбасындағы ер баланың рөлiн түсiндiру ,ер адамға тән ерекше мiнездi , қайтпас, қайсарлыққа тәрбиелеу.

Алдыңғы буын батыр бабалыарымыздың балалық шағындағы оқиғалары арқылы оларды еңбекқорлыққа,төзiмдiлiкке , қайсарлыққа тәрбиелеу.

Ата-аналармен жүргiзiлетiн жұмыс:

Мақсаты: Оқу-тәрбие жұмысындағы басты тұлға «оқушы» екенiн үнемі бетке ұстай отырып, балаға гимназия оқушыларының ерекшелiктерiн /мектепте, үйде, ортада/ ұғындыруда мектеп пен ата-ана бiрлесе жұмыстануы.

Мiндетi : Мектеп пен ата-ана арасындағы iзгiлендiрiлген тығыз қарым-қатынас; Мектепте өтетiн шараларға ата-аналарды кеңiнен тарта отырып, олармен бiрлесе баланы патриоттыққа, сезiмталдыққа тәрбиелеу;

.Сынып жетекшi, ата-ана, пән мұғалiмдерiнiң психологиялық-педагогикалық деңгейiн семинарлар, тренингтер көтеру.

Күтiлетiн нәтиже:

- 1.Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылады.
- 2.Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бiрлiгi қамтамасыз етiледi.
- 3.Ата-аналар ұжымы құрылады.
- 4.Ата-аналардың бiлiм дәрежесi мен мәдениетi үнемі артып отырылады.

Қамқоршылық кеңес жұмысы

Мектебiмiзде 2020 жылдан берi қамқоршылық кеңесi жұмыс жасайды,кеңес құрамында 9 мүше және хатшы бар. Қамқоршылық кеңестiң мүшелерi ата-аналар жұмысын жандандыру, қайырымдылық көмектен түскен қаражатты аз қамтылған жанұя, көп балалы отбасы балаларына көмек беруге, дарынды балаларды қолдауға және спортты дамытуға жұмсау,оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қолдау көрсету сынды жұмыстармен айналасады.Кеңес мүшелерi сұрақтарын қойып, толық жауап алды.

Үйiрме , секция қызметi

№	Үйiрме атауы	Оқушы саны
1	«Қаламгер» поэзия клубы	10 оқушы
2	«Абай»әдеби- танымдық клубы	10 оқушы
3	Жас жауынгерӘскери-патриоттық клубы	8 оқушы
4	Жас құтқарушылар	6 оқушы
5	«Ақиқат ұшқыны» дебат клубы	12 оқушы
6	Волейбол секциясы	12 оқушы
7	Тоғыз құмалақ секциясы	8 оқушы

«Қаламгер » үйiрмесi аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме саны - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекiтiлген.

Үйiрменiң мақсаты:

- а) оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерiн сензiндiру;
- ә) көркем мәтiнге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе бiлу;
- б) көркем мәтiндегi айтар ой мен поэтикалық көркемдiктi өздерiне болжату, түсiндiру, мәтiндi талдау дағдыларын дамыту.

Г)оқушыларды ақындық өнерге баулу Мақсатты негiзге ала отырып, жылдық жоспар бекiтiлген. Әр мереке сайын оқушылар iс-шараға белсене ат салысады. Үйiрменiң нәтижесi ретiнде мына оқушыларды атап айтуға болады. Сонымен қатар аудандық I.Жансүгiров оқуы облыстық кезеңнен жәнеМахамбет оқуы Муратбек Зерде бсынып оқушысы 1 орын Мағжан оқуы Бердiхан Әдiлет және

Серікбол Аружан -3 орын, Қ.Бітібаева ат.қазақ тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасы ауданнан Сейіл Арайлым -2 орын және облыстан сертификат,

Жетекшісі: Бодан Аскергул ,Хавил Гулжанат.

«**Жас жауынгер**» әскери-патриоттық клубы үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Үйірме бойынша теориялық және практикалық оқыту болып өтеді. Теориялық сабақтар тарихы және дидактикалық материалдармен келіссөздер, техникалық жабдықтар мен оқытудың инновациялық әдістерін түрінде негізінен өткізіледі. Тәжірибелік сабақтар пневматикалық қару мен оқыту, әскери техника, аспаптар мен басқа да жабдықтарды қолдана отырып оқыған материалға шеңбердің негізгі бағыты болып табылады.

Үйірме жұмысының нәтижесі ретінде аудандық «Жас сарбаз» әскери спорттық жарысында мектеп командасы қатысып мадақтамамен марапатталды.

Мақсаты: Оқушыларға патриоттық тәрбие беру арқылы, рухани құндылықтарға баулу; Отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу;

Міндеттері:

- 1) салауатты өмір салтын насихаттау.
- 2) қолданбалы спорт - әскери дамыту.
- 3) әскери қызметке жастарды дайындау.

Жұмыс үйірме негізінен дене шынықтыру, спорт, денсаулық сақтау, медицина саласындағы білім беру білім мен дағдыларды қамтамасыз етеді; әскери мамандықтар және керекті дайындықтан тілегі қалыптастыру үшін қызығушылық дамыту; қоғам мен мемлекет үшін дайындықты лайықты қызмет дамыту.

Жетекшісі: Ауел Бақыткерей

«**Абай**» әдеби-танымдық клубы » аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме саны - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

Үйірменің мақсаты:

а) оқушыларға ұлы Абай шығармаларына деген сүйіспеншілікті артыру , Абай шығармалары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке ,елжандылыққа тәрбиелеу,руханы бай жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Ә. Абай афоризмдерінің мәнін түсіндіру , Абайдың ұлылығын оның көркем шығармалары арқылы таныту.

Б. оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерін сензіндіру;

в) көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу;

б) көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті өздеріне болжату, түсіндіру, мәтінді талдау дағдыларын дамыту.

Г) оқушыларды ақындық өнерге баулу

Д. Оқушыларға Абайдың қара сөздерінің адам өміріндегі маңыздылығын иерең түсіндіру

Е. Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасауға үйрету.

Мақсатты негізге ала отырып, жылдық жоспар бекітілген. Әр мереке сайын оқушылар іс-шараға белсене ат салысады. Көркем шығармалардан инсценировкалар ,көріністер қойып ата-аналар мен оқушылар назарына ұсынады.

Үйірменің нәтижесі ретінде мына оқушыларды атап айтуға болады. Сонымен қатар аудандық І.Жансүгіров оқуы облыстық кезеңнен жәнеМахамбет оқуы Муратбек Зерде бсынып оқушысы 1 орын Мағжан оқуы Бердіхан Әділет және Серікбол Аружан -3 орын, Қ.Бітібаева ат.қазақ тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасы ауданнан Сейіл Арайлым -2 орын және облыстан сертификат,

Жетекшісі: Бодан Аскергул ,Хавил Гулжанат.

«**Жас құтқарушы**» әскери-патриоттық клубы үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Үйірме бойынша теориялық және практикалық оқыту болып өтеді. Теориялық сабақтар тарихы және дидактикалық материалдармен келіссөздер, техникалық жабдықтар мен оқытудың инновациялық әдістерін түрінде негізінен өткізіледі. Тәжірибелік сабақтар пневматикалық қару мен оқыту, әскери техника, аспаптар мен басқа да жабдықтарды қолдана отырып оқыған материалға шеңбердің негізгі бағыты болып табылады.

Үйірме жұмысының нәтижесі ретінде аудандық «Жас сарбаз» әскери спорттық жарысында мектеп командасы қатысып мадақтамамен марапатталды.

Мақсаты: Оқушыларға патриоттық тәрбие беру арқылы, рухани құндылықтарға баулу; Отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу;

Міндеттері:

- 1) салауатты өмір салтын насихаттау.
- 2) қолданбалы спорт - әскери дамыту.
- 3) әскери қызметке жастарды дайындау.
4. Оқушыларды физикалық тұрғыдан дамыту.
5. Төтенше жағдай кезінде әркет ету жолдарын үйрету.

Жұмыс үйірме негізінен дене шынықтыру, спорт, денсаулық сақтау, медицина саласындағы білім беру білім мен дағдыларды қамтамасыз етеді; әскери мамандықтар және керекті дайындықтан тілегі қалыптастыру үшін қызығушылық дамыту; қоғам мен мемлекет үшін дайындықты лайықты қызмет дамыту.

Жетекшісі: Ауел Бақыткерей

«Шебер қолдар»/ «Умелые ручки» үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

Мақсаты:

Қасиетті халық тәрбиесінің үлкен ықпалы мен бейнелеу өнері және ұлттық тәлімнің сыры мен ерекшелігі туралы мағлұмат бере отырып, студенттердің бойына сіңіру.

Міндеті:

1. Мектеп бағдарламасын жан-жақты меңгерту.
2. Шығармашылық жұмысын дамыту.
3. Оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу.
4. Көркем шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру.

Жетекшілері: Аманкелди Вера, Аманжол Бақытжан .

Негізгі мақсаттары:

- ✓ тарихи материалдарды игеру барысында танымдық қажеттіліктерін қалыптастыру;
 - ✓ білім алушылардың туған өлке туралы білімдерін кеңейту және тереңдету;
 - ✓ қарым-қатынас жасау, іс-шараға дайындық жасау, көрмені безендіру қабілеті мен дағдысын қалыптастыру;
 - ✓ адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу;
- Үйірменің міндеттері:
- өлкетану материалдары арқылы қоршаған орта жағдайымен байланыс орнату; Отанға, туған қаласына деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу;
 - мектеп оқушыларын нақты өлкетану материалдары арқылы дамыту;
 - тарихи білімге қызығушылығын ояту;

«Ақиқат ұшқыны» дебат клубы/ Дебатный клуб «Ақиқат ұшқыны» үйірмесі аптасына – 1 сағат, жылдық жүктеме - 34 сағат. Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

Үйірменің мақсаты: дебаттық турнирлер мен ойындар арқылы оқушыларды интеллектуалдық және тұлғалық дамыту.

Әр оқушының азаматтық ұстанымын қалыптастыру

Дебаттық клубының міндеттері:

Клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;

- дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;
- мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;
- оқушылардың жұрт алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру,
- Өзін өзі ұстау, сөз сөйлеу әдебін қалыптастыру

Жетекшілері:Сагит Оразкул.

Волейбол спорт секциясы

Волейбол спортсекциясы аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілген.

Мақсаты:міндеттері.

Оқушылардың арасында салуатты өмір салтын насихаттау,

Оқушылардың физикалық тұрғыдан дамуын қалыптастыру, шынықтыру,

Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру

Бос уақытын тиімді өткізу

Волейбол ойынның қыр –сырын меңгерту.

Жеткешісі: Буланбай Табиғат

Тоғыз құмалақ спорт секциясы

Тоғыз құмалақ спортсекциясы аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілген.

Мақсаты,міндеттері:

Оқушылардың арасында ұлттық спортты насихаттау,

Сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Ойлау қабылетін дамыту.

Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру

Бос уақытын тиімді өткізу

Тоғыз құмалақ ойынның қыр –сырын меңгерту.

Жеткешісі: Буланбай Табиғат

Үйірме секция жетекшілері балалардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға және дараландыруға көп көңіл бөле отырып, заманауи технологияларды қолданады.

Үйірмелер мен секциялар басшыларының жұмыс жоспарлары бар, сабақтар журналдарын жүргізеді және балалардың сабаққа қатысуын есепке алады.

Оқу жылы соңында үйірме секциялар жұмыс нәтижесі туралы есеп береді.

Сыныптан тыс сайыстар мен жобалар, оқулар және спорттық шараларға қатысушы жеңімпаздардың үлесі

№	Оқу жылы	Атауы	Аты-жөні	Алған орыны	Жетекшісі
Облыстық деңгей					
1	2023-2024	Эко-Болашақ. Облыстық форум «Табиғат-адамзатқа аманат»	Аманбаева Зарина 7-сынып оқушысы	ІІІ дәрежелі диплом	Хавил Г..
2	2023-2024	Үздік экскурсия жетекшісі	Аманбаева Зарина 7-сынып оқушысы	мадақтама	Хавил Г..
Аудандық деңгейде					
1	2022-2023	Аудандық «Жас тарихшылар» форумы «Менің кіші Отаным» номинациясы	Сагит Гизат	ІІІ дәрежелі	Каден К.
2	2022-	Аудандық «Жас	Садвакасова	мадақтама	Которина А.Ш.

	2023	тарихшылар» форумы «Тарихи өлке тану» номинациясы	Айдана		
3	2022- 2023	Ақмола жұлдыздары	Сейтмурат Назерке Муратбек Зерде	Диплом Мадақтама	Байхумар Роза Хавил Гулжанат
4	2022- 2023	Ұлы дала конкурсы	Бекеш Мұрагер.	III орын	Шынар Т..
5	2022- 2023	Мен табиғатты танып білемін	Омар Алихан	мадақтама	Каден К.
6	2022- 2023	Жыл оқушысы	Муратбек Зерде	III орын	Теңсел Сандуғаш.

Мектеп ұжымының спорттық жетістіктері:

	Оқу жылы	Спорттық шара атауы	Жалпы қатысушылар саны	Жеңімпаздар саны	Жеңімпаздар үлесі %
Аудандық					
1	2022-2023	Жеңіл атлетика	4	Аманжол Б. . III орын Сагит О. III орын Хошмак К Хойшыбай Г	50%
2	2022-2023	Асық ату мұғалімдер арасында	2	Командалық III орын Буланбай Табиғат ., Хошмак Кумисхан	100%
3	2022-2023	Бес асық	3	Командалық III орын Сагит О. Ауел Буланбай Т.	100%
4	2022-2023	Волейбол	6	Ұлдар командасы III орын	100%
5	2022-2023	Волейбол	6	Мұғалімдер командасы мадақтама	100%
6	2022-2023	Үстел теннисі	2	АманжолБ. ЗайнулиноваА.Н. мадақтама	
7	2022-2023	Шаңғы	1	мадақтама	
Облыстық					
1	2022-2023	Асық ату	1	Буланбай Табиғат мадақтама	100%

«Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие бағыты

«Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы мектебіндегі тәрбие ісі жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» басшылыққа алынып жасалған.

«Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

12. Жоғарғы оқу орындарын қоспағанда білім беру ұйымдарында “ Біртұтас тәрбие бағдарласын” бекіту туралы бұйрық, 2023 жыл 19 қыркүйектегі №294 бұйрық.

2023-2024 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Біртұтас тәрбие бағдарласы» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықтылықтарын енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

✚ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

✚ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

✚ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Мектептегі тәрбие жұмысы "Біртұтас тәрбие бағдарласын" 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатты іске асыру жағдайында жоспарланған және осы бағыттарда жұмыстар жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысының тұжырымдамалық негіздері тәрбие жұмысын жоспарлау арқылы қазақстандық патриотизмді, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді, азаматтықты, толеранттылықты, рухани-адамгершілікті қалыптастырудың басым мәселелерін айқындайтын "Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне", "Тәрбие компонентінің үлгілік кешенді жоспарына" сәйкес жүргізіледі.

Осы оқу жылының жыл бойы мектебіміздің тәрбие жоспары бойынша өткізілген барлық іс шаралар 3 тәрбие құндылығы бойынша ұйымдастырылды.

Барлық тәрбие қызметінің жұмыстары келесі бағыттарға сәйкес құрылады:

Тәрбие құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде бағыты:

1-қыркүйек – Білім күні мерекесін «Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында салтанатты іс-шара өткізді. Салтанатты жиынның шымылдығы мектеп директоры Хадыр Муратбектің құттықтау сөзімен ашылды, жиында ауыл ақсақалдары мен еңбек ардагері, ұстаз Аисин Е.Ш. құттықтау сөз сөйледі.

Сонымен қатар 1-11 сынып оқушылары арасында «Мектеп – мейірім мекені» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Мектебіміздің 11 «А» сынып оқушылары мен ұстаздары 2023-2024 оқу жылымен қатар келген ҚР Президентінің жолдауын тыңдады. Жолдауда айтып өткен «Жайлы мектеп жобасын», кәметке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез-келген түріне қатысты жазаны күшейту туралы мәлімдемесін талқылады.

Қыркүйек айының 5-і күні жалпықазақстандық Алаш арысы М. Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» атты ашық диктант өткізілді. Мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары мен ұстаздары, тәрбиешілер мен кітапханашылар т.б қатысты.

2023-2024 оқу жылында тәрбие бағытындағы өзгерістер мен тәрбие жұмысының жаңа тұжырымдаларын туралы №1 педагогикалық кеңесте түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл ретте тәрбие құндылықтары мен бағыттары талқыланып айқындалды.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында тілдер онкүндігінің ашылу салтанаты өтті. Гуманитарлық әдістеме бірлестік жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бодан Аскергул мен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Н.Зайнулинова онкүндіктің жоспары мен ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралардың кестесін таныстырды. Барлық іс-шаралар жоспар бойынша өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Тілдер онкүндігінің жабылу мерекесіне орай «Тіл – достықтың көпірі» атты фестиваль өтті. Әр түрлі ұлт өкілдерінің тағамдарын таныстыра отырып, оқушылар өнерлерін көрсетті.

1-11 сыныптар арылығында «Тіл – халықтың жанын танудың кілті», «Айтыс. Айтыс түрлері» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Мектебімізде әр дүйсенбі сайын саптық жиын өткізіледі, ол мемлекеттік гимнмен басталады. Саптық жиында өткен апта жұмыс қортындысы мен сайыстарда жүлделі орын иеленген оқушыларға мадақтамалар мен марапаттар тапсырылады, белсенді қатысқан оқушыларға алғыс айтылады.

" Қазақстанда ақындар айтысының бүгінгі дамуы" атты тақырыпта пікірталас өтті. Пікірталас өте қызықты, тартымды өтті. Қатысушы спикерлер: Серікбол Аружан, Сейіл Арайлым, Бердхан Әділет, және Бекеш Сырым. Өткізген: . Сагит Оразкул.

9-11 сыныптар арасында " Қазақстанның бүгінгі мен болашағы" тақырыбында эссе жазды.

Республика күніне орай "Патриотизм дауысы" мемлекеттік әнұран орындалды.

«Менің ауылым -менің Отаным халқыма!" атты флешмоб өтті. Орта буын оқушыларымыз белсене ат салысты.

Республика күніне орай "Жайнай бер – Жаңара бер Қазақстан!" атты 1-11 сыныптарға бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Республика күні қарсаңында мұғалімдер арасында өткізілген спорттық волейбол ойынынан аудандық жарысында «Саздыбұлақ» командасы қатысып өз шеберліктерін сынады.

15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде 1-7 сыныптар арасында «Теңге – тәуелсіздік келбеті» атты сынып сағаттары өткізілді.

"Тұғыры биік төл теңге" Республикалық үздік эсселер жинағына Сейіл Арайлым қатысып сертификатпен марапатталды.

